

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТИ



SATBAYEV
UNIVERSITY



БІРІНШІ КУРСТАРҒА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМА-КІТАПША

2020



АНЫҚТАМА
ДАЙЫНДАҒАН
СМО ЖӘНЕ ББИ

СІЗДІҢ БОЛАШАҒЫҢЫЗ – БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ



Біз үнемі байланыстамыз.
Бас оқу ғимараты, 616-каб.
ibo@satbayev.university

ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІ! **СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!**



Біз Сіздермен Қазақстанның ең үздік техникалық университетінде қауышқанымызға қуаныштымыз!

Біздің университеттің тәжірибесі өте бай, дәстүрлері де баршылық. Оның тарихы сонау 1934 жылдан басталады. Жыл сайын біз өз көрсеткіштерімізді жақсартып отырып, соңғы инновацияларды енгізуге тырысамыз, әрі Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз агенттігінің (IQAA-Ranking 2020) рейтингісі бойынша Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындары арасындағы бірден-бір көшбасшы университет болып саналамыз және QS халықаралық рейтингі

бойынша әлемдегі ең үздік Топ-600 жоғары оқу орындарының қатарына кіреміз. Университетте әркім өз ойын білдіруге, өз жолын таңдауға және өз арманын іске асыруға жол табады. Сәтбаев Университетінде оқу – алға қойған мақсаттарға қол жеткізудің лайықты бастамасы.

Өкінішке қарай, жаңа оқу жылы бүкіл әлемдегідей біздің ел үшін де қиын эпидемиологиялық жағдайда басталады. Дүниежүзі коронавирустық инфекцияның пандемиясын бастан кешуде. Оның салдары қоғамға күзгі кезеңде де әсер ететін болады. Осыған байланысты Сәтбаев Университеті күзгі семестрді қашықтықтан-сырттай оқу форматында бастау туралы шешім қабылдады. Бұл дегеніміз – университетте аудиториялық сабақтар болмайды, сіз оқытушылармен және курстастармен тек біздің электрондық ресурстарымызда ғана кездесіп, білім алатын боласыз. Бұл сіздің бізге деген сеніміңізді өзгертпеуі тиіс, өйткені қашықтан білім беруде Сәтбаев Университетінің көпжылдық тәжірибесі және өзінің Polytechonline.kz платформасы бар, әрі осы форматты бірнеше жыл бойы қолданып келеді.

Егер сізде жылдамдығы кемінде 3 Мбит/с болатын жақсы интернет, desktop және laptop компьютері бар болса, онда Алматыға келмей-ақ, үйде отырып оқыңыз. Жол жүру сіздің денсаулығыңыз үшін қауіпті болуы мүмкін. Әзірге сізбен қашықтан танысатын боламыз, әлі бәрі жақсы болып, университет қабырғасына кіретін күн туады деп сенеміз.


Сізді өміріңіздегі өте маңызды кезеңнің басталуымен құттықтаймын және әрқашан жаңа биіктерге ұмтылуға, сол жолда барлық қиындықтарды жеңіп шығып, жоғары нәтижелерге жетуіңізге тілектеспін!

***Сәтбаев Университетінің Ректоры**
Искандер Бейсембетов*

Мазмұны

РЕКТОРДЫҢ СӨЗІ	3
ҮЗДІК ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНДА ҮЗДІК БОЛЫҢЫЗ	6
ӘЛ-МАШАНИ АТЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ	8
ГЛОССАРИЙ (терминдер мен қысқарған сөздер)	14
КАРТА	16
ID-КАРТА	18
СТУДЕНТТІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ СТУДЕНТ SU	19
«АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?	20
ОҚУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ	21
ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	22
АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ 2020–2021 ЖЖ.	24
САБАҚ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ	28
ПӘНДЕР БОЙЫНША БАҒАЛАР	29
АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЗІЛІС	32
ГРА – САБАҚ ҮЛГЕРІМІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ	33

ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕЛУ	36
БАСҚА УНИВЕРСИТЕТКЕ АУЫСУ, ҚАЙТА ОРНЫҒУ НЕМЕСЕ ОҚУДАН ШЫҒУ	40
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА	44
ӘСКЕРИ ТІРКЕЛУ	45
ӘСКЕРИ ІС ИНСТИТУТЫ	45
СТУДЕНТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ	46
МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ	46
СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛАР БАСҚАРМАСЫ	47
СТУДЕНТТЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС СЕКТОРЫ	48
ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ	48
«ОҢАЙ» СТУДЕНТТІК КӨЛІК КАРТАСЫ	49
СТУДЕНТТІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ	49
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАРЫ	50
«UNIQUIM ^{SU} » СТУДЕНТТІК ЖУРНАЛЫ	55
БАЙЛАНЫСТАР	56



ҮЗДІК ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНДА ҮЗДІК БОЛЫҢЫЗ



ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІ!



Сізді еліміздің ең үздік техникалық жоғары оқу орны – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық зерттеу университетіне түсуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Оқу жылын сәтті бастау үшін 2020 жылдың 17–21 тамыз аралығында онлайн режимінде өтетін «Бағдарлау апталығына» белсенді түрде қатысуыңызды өтінеміз.

Апта ішінде сіз:

- ағылшын, қазақ/орыс тілдерінен, математика және физика пәндерінен диагностикалық тест тапсыруыңыз керек;
- барлық бейнебаяндарды қарап шығып, өзіңізге қажетті жерін жазып алыңыз;
- осы кітапшаны оқып шығыңыз, мұнда көптеген сұрақтарға жауап таба аласыз;
- әлеуметтік желілердегі Сәтбаев Университетінің ресми парақшаларына жазылыңыз.

Ең бастысы – сіз біздің **Polytechonline.kz** және **Microsoft Office 365** қашықтықтан білім беру платформаларын қолдануды үйренесіз.

*Біз сіздермен әрқашан байланыстамыз.
Барлық сұрағыңызды мына мекенжайға жазыңыз:*

ibo@satbayev.university

Құрметпен, Базалық білім беру институтының командасы.

Instagram: [dekanat_ibo](#)



Базалық білім беру институты Satbayev University-ң он институттарының бірі. БББИ студенттің болашақ мамандығы және таңдаған оқу бағдарламасына қарамастан барлық бірінші курс студенттеріне жетекшілік жасайды.

ӘЛ-МАШАНИ АТЫНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Базалық білім беру институты тау-кен инженері, қазақстандық геомеханика мектебінің негізін қалаушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, **Қазақ КСР Ғылым академиясының** академигі, **Қазақ КСР-нің** еңбек сіңірген ғылым қайраткері **Ақжан Машани** есімімен зор мақтанышпен аталып келеді. Сонымен қатар ол **әл-Фараби** есімін бүкіл әлемге қайтадан мәшһүр еткен ғалым ретінде де белгілі. Әрі біздің университеттің алғашқы түлектерінің бірі (*ол кезде Қазақ тау-кен металлургия институты*), 200-ден астам ғылыми мақаланың, 10 монографияның, 5 оқулықтың және 8 ғылыми кітаптың авторы. Атап айтқанда, **«Жанартау»**, **«Жер сілкінісі»**, **«Таулар қалай пайда болды»**, **«Жер сыры»**, **«От басында»**, **«Ашылу»** секілді ғылыми туындылардың авторы.

Институттың негізгі міндеттері – бірінші курс студенттерін сабаққа бейімдеу, сәтті академиялық навигация жасау және **«табысты студент»** имиджін насихаттау, сондай-ақ студенттердің бойында академиялық дағдыларды дамыту, академиялық адалдық қағидаттарын ұстану, кәсіби біліктіліктің жоғары стандарттарын қалыптастыру, бірінші курс студенттерін белсенді студенттік өмірге баулу болып табылады. Академиялық мәселелер жөнінде кеңес берушінің міндетін атқаратын эдвайзер әр студентке бекітіледі. Институт құрамында 4 кафедра бар: **«Қоғамдық пәндер»**, **«Ағылшын тілі»**, **«Қазақ және орыс тілдері»**, **«Дене шынықтыру»**.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Университет күзгі семестрді қашықтықтан-сырттай оқыту форматында өткізеді. Ол үшін сізге екі маңызды шарт қойылады:

1. Жылдамдығы кемінде **3 Мбит/с** болатын оптикалық-талшықты интернет канал немесе **4G** сымсыз интернет сигналы;
2. Кәдімгі компьютер **Desktop** немесе **Laptop** ноутбугі болуы керек. Гаджеттер (*смартфон немесе планшет*) арқылы оқу тиімсіз және сапасыз болады.

Егер де үй жағдайында Сіз осы екі талапты орындайтын болсаңыз, онда өзіңіздің және туыстарыңыздың денсаулық қауіпсіздігін сақтау үшін Алматыға немесе университетке келмей-ақ, үйде болуыңызды сұраймыз! Отбасыңызбен бірге болып, қашықтан оқыңыз!

Қашықтықтан оқуға жағдай жасау үшін тағы да не істеуге болады?

Елімізде интернет сигналы әлсіз немесе мүлде интернет жоқ өңірлер бар екенін біз толық түсінеміз. Ол қиыншылықты шешу амалдарының бірі – интернет сигналы бар туыскандардың үйіне уақытша көшуіңізге болады. Оқу кезінде смартфондар мен планшеттерді пайдалану тиімді әрі нәтижелі болмайды. Сабақ басталғанға дейін сізде біраз уақыт бар болғандықтан, **Desktop** немесе **Laptop** сатып алуды ұсынамыз.

Қазіргі уақытта қымбат тауарлар сатып алуға кедергі болатын объективті факторлар болуы мүмкін екенін де түсінеміз.

Егер осы екі талапты орындау мүмкін болмаса, не істеу керек?

1. Университет сізге компьютерді шектеулі уақыт аралығында санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтай отырып, университеттің ресурстық орталықтарында (*Алматыда немесе оған жақын аудандарда тұратын студенттер үшін*) және Сіздің қалада орналасқан біздің бизнес-серіктес **Ustudy** аудиториясында (*басқа өңірлерден келген студенттер үшін*) қолдануды ұсына алады. Компьютерлерге арналған орындардың саны және басқа қалалардағы аудиторияда пайдалану уақыты шектеулі, сондықтан осындай орталықтарда компьютерді қолдану үшін алдымен ibo@satbayev.university арқылы өтініш беруіңіз керек. Орталықтардың мекенжайы төменде көрсетілген. Университеттегі компьютерлік ресурстар жұмыс кестесіне сәйкес сіздер үшін ашық болады және отырғызу кезінде арақашықтық сақталады.

2. Күзгі семестрде университет жатақханаларында тұру денсаулыққа қауіп туғызады, сондықтан Алматыға келіп, жатақханаларға орналасуға біз

үзілді-кесілді қарсылық білдіреміз. Оның үстіне осы мерзім аралығында университет жатақханаларында қатаң карантиндік режим сақталатын болады. Алайда оқу мүмкіндіктерін қашықтықтан іске асыра алмайтын студенттердің бар екенін түсінеміз. Сондықтан да тек ерекше жағдайларда, атап айтқанда, ата-анасынан айырылған студенттер немесе шалғай ауылдарда тұратын студенттер жатақханадан орын алу үшін мына көрсетілген [мекенжайға](#) міндетті түрде дәлелді өтініш жіберулері керек.

Өңірлер	Орын саны	Мекенжайы
Ақтау	150	3-ықшамаудан, 75, 1-қабат
Ақтөбе	150	Алматы ауданы, Арынов көшесі, 1
Атырау	90	Баймұханов көшесі, 45а, АИНГ
Орал	100	Айтиалиев көшесі, 4 строение /1
Көкшетау	100	Ақан сері көшесі, 24
Қостанай	100	Қобыланды батыр көшесі, 27, З.Алдамжар ат. КСТУ, бас корпус, 9-қабат
Петропавл	125	Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, 274
Павлодар	150	Амангелді көшесі, 47
Өскемен	150	Қазақстан көшесі, 63
Семей	100	Гагарин көшесі, 158
Қарағанды	125	Ермеков көшесі, 28
Нұр-Сұлтан	150	Қонаев көшесі, 33/1
Шымкент	448	Т. Рысқұлов көшесі, 27/2
Түркістан	139	С.Қожанов көшесі, 15
Қызылорда	175	Тәжібаев көшесі, 18а
Тараз	190	Жамбыл көшесі, 91
Талдықорған	250	Назарбаев көшесі, 173В

Университеттің қашықтықтан-сырттай оқу форматы аудиториялық сабақты болдырмайды, бірақ студенттерге және оқытушыларға біздің заманауи электронды ресурстарымызда қарым-қатынас жасаудың тамаша мүмкіндіктерін ұсынады, электрондық ресурс мүмкіндігі күндізгі оқу кезіндегі білім арудан, дәріс тыңдаудан, оқу тәжірибесін өтуден өте жоғары. Шын мәнінде, сабақ күндізгі оқу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады, бірақ виртуалды аудиторияларда мұғалімдерге көп көлемде техникалық құрылғыларды қолдану мүмкіндігі орасан зор болса, студенттерге сабақ өтудің ыңғайлы жағдайлары жасалған.

Біздің студенттердің [Polytechnonline.kz](https://polytechnonline.kz) және **Microsoft 365 Education** платформаларында бірыңғай білім беру жүйесіне біріктірілген жеке аккаунттары бар.

Polytech Online – бұл танымал **Moodle** қашықтықтан оқыту жүйесіне негізделген университет құрған платформа. Мұнда Сіз университет бағдарламалары бойынша оқу материалдарын таба аласыз. Жүйе оқытушымен ыңғайлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Жазбаша жұмыстарды студенттер ұялы телефондарына суретке түсіріп, ол суретті жүйеде өз аккаунтына кіріп, тапсырмаға бекіте алады. **Polytech Online**-да студенттер мен оқытушылар үшін есептік жазбалар мен сабақ кестелері университеттің студенттік оқыту порталындағы мәліметтерден автоматты түрде жасалады. Барлық жүйелердегі логиндер мен құпиясөздер бірдей.

Polytech Online қашықтықтан білім беру порталы - Сәтбаев университетінің білім беру жүйесінде бұқаралық ақпарат құралы болып есептелінеді. Порталдың міндеті- интернеттегі жарияланымдардың әртүрлі формалары мен технологияларын қолдану арқылы оқытушылар мен студенттердің кәсіби шеберлігін, олардың қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандырудың қол жетімділігін арттыру. **Polytech Online** - студенттерге университеттің оқу жоспарындағы барлық материалдарды ала алатын платформа. Оқытушымен толықтай онлайн байланысы бар, сонымен қатар қосымша пошта қызметтерін пайдаланбастан студенттер тапсырмаларға онлайн жауап бере алады. Сондай-ақ, онлайн оқыту платформасында студенттердің білімін тексеруге көмектесетін тесттер, оқу материалын нақты түсіндіретін бейне сабақтар, сонымен қатар алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмектеседі. *Ыңғайлы және тиімді!*

1) «Вебинар» бөлімі арқылы виртуалды аудитория - онлайн-тренинг» Polytech Online студенттерге онлайн дәрістер өткізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар Webinar бөлімін қолдана отырып, бейне байланыс пен ынтымақтастықтың барлық артықшылықтарын сақтайды. Студенттер виртуалды аудиторияға компьютерден, iPad, Android планшетінен қосыла алады. Барлық студенттер сабақ немесе дәрісті тыңдауға жиналады, бірақ өз үйінен - бұл мүлдем қауіпсіз.

Өте оңай. Браузер арқылы қосылыңыз - сіз лекциядасыз!

2) «Вебинар» бөлімін қолдана отырып, материалды толық түсінуге арналған интерактивті мүмкіндіктер

Экраныңызды көрсету, жазу мен сурет салу арқылы сауалнама жүргізу - бұл технологиялар Сәтбаев университетінде сапалы онлайн білім алу үшін қажет. Мұғалім конференция жүргізіп, өз экранын көрсеткенде, студенттер не болып жатқанын бірден көреді. Сұрақтар мен түсінбеушіліктер азаяды. Экранды көрсету арқылы, материалды түсіндіру, жалпы чатта тапсырманы талқылау үшін ол жерде болу міндетті емес. Жоғарыда айтқанымыздай, **Polytech Online** сізге дифференциалды оқытудың әр түрлі көріністерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дифференцианы екі механизм көмегімен жүзеге асыруға болады:

Біріншісі - топтар құру. Әр топтың өзіне сай жеке мазмұнын, оқу материалдарын орнықтыруға болады.

Екінші тәсіл - «Сабаққа қатысуды бақылау» - бір оқу элементінің орындалуының, екіншісінен тәуелділігі. Яғни, **1-тақырып** бойынша тестілеуді аяқтамай, сіз **2-тақырып** бойынша дәріске өте алмайсыз.

Сәтбаев университетінде Polytech Online-мен сәтті оқыңыз,!

Microsoft 365 Education - бұл студенттерге кез-келген уақытта оқытушының барлық дәрістерін, бейне жазбаларын көруге, барлық оқу материалдарын ноутбук, телефон немесе планшеттен оқуға, үй тапсырмасын, аралық бақылауды орындауға, жүйеде мұғаліммен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытудың әлемге әйгілі платформасы. Тапсырмалардың шешімін ұялы телефонға түсірілген фото ретінде тіркеуге немесе жүйеде тікелей енгізуге болады.

Microsoft 365 Education университеттің әрбір студенттеріне ұсынады: - университеттің корпоративті поштасының жеке **Outlook** пошта жәшігі, электронды пошта мекенжайы бар (*есімінің бірінші әрпі.тегі*)

@ stud.satbayev.university. Бұл электронды пошта мекенжайы арқылы мұғалім, кафедра, администрация және басқа студенттер, сонымен қатар әрбір ғаламтор пайдаланушысы Сізбен байланыса алады. Пошта жәшігінің көлемі **50 ГБ**;


- 1 терабайт жеке бұлтты сақтауымен **Microsoft OneDrive**;
- **Microsoft Teams** - қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі бөлігі, оның шеңберінде жұмыс жасайды;
- **OneNote** бағдарламасының күнтізбесі, жоспарлаушысы, жұмыс үстеліндегі нұсқасы, онда студенттер өз жобалары мен тапсырмаларын, соның ішінде суреттер, кестелер, тіпті химиялық және математикалық формулаларды да орындай алады;
- **Microsoft Office** жиынтығының онлайн қосымшалары - **Word, Excel, PowerPoint, Outlook** және басқалары.

Сіз бұл жүйеге office.com веб-сайты арқылы студенттің корпоративтік электрондық поштасының мекен-жайын (ID) @ stud.satbayev.university арқылы, жеке поштаңызға жіберілетін корпоративтік поштаның логині мен паролі арқылы кіре аласыз.

Microsoft 365 Education + Moodle комбинациясы қазір әлемнің жетекші университеттерінде қолданылады.

Күзгі семестрде университетке кіру санитарлық-гигиеналық нормаларды қатаң сақтаумен және студенттердің кітапханаға, компьютерлік бөлмелерге және басқа ресурстық орталықтарға баруына қатаң талаптармен шектеледі.

Сіздерге қашықтан қауіпсіз білім алуға тілектеспіз!



ГЛОССАРИЙ

(ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР)



- **АК** – Академиялық күнтізбе.
- **Апелляция** – студенттердің білімін объективті бағалауға ықпал ететін факторларды анықтау және жою үшін жүргізілетін іс-шара.
- **БОФ** (*ТУК*) – Бас оқу ғимараты.
- **ГМК** – Тау-кен металлургия корпусы.
- **ҚО** (*ДО*) – қашықтықтан оқыту.
- **ҚБТ** (*ДОТ*) – қашықтықтан білім беру технологиялары.
- **ББИ** (*ИБО*) – Базалық білім беру институты.
- **ӘИИ** (*ИВД*) – Әскери іс институты.
- **ЖОЖ** – жеке оқу жоспары (*индивидуальный учебный план (ИУП)*) – академиялық оқу мерзімінде белгілі бір студенттің өз бетінше құрастырған Жұмыстық оқу жоспары негізінде білім деңгейін көрсететін құжат, оған оқу пәндерінің тізімі мен таңдап алынған кредиттер саны кіреді.
- **МУК** – Кіші оқу корпусы.
- **НК** – Мұнай корпусы.
- **Add/Drop аптасы** – оқу мерзімінің алғашқы аптасы, студент бір пәннен өзіне қажетті екінші бір пәнге ерікті түрде ауыса алатын кезеңі.
- **ТК** – тіркеу кеңсе (*офис-регистратора (ОР)*) – студенттерді оқытылатын пәндер бойынша тіркеу, оқудың барлық кезеңіндегі олардың жетістіктерін тіркеу жұмыстарымен, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастырумен және академиялық рейтингті есептеуді қамтамасыз етумен айналысатын қызмет орны.

- **Кеңсе-сағат** (*офис-час*) – сабақтан тыс мезгілде оқытушымен кез келген тақырыпта, кез келген мәселе жөнінде әңгімелесуге болатын уақыт.
- **Пререквизиттер/постреквизиттер** – белгілі бір пәндерді оқудың алдында міндетті түрде күні бұрын оқытылатын пән/белгілі бір пәндерді оқығаннан кейін міндетті түрде оқытылатын пән.
- **Проктор** – емтихан ережелерінің сақталуына жауапты ретінде университет қызметкерлерінен таңдап алынған тәуелсіз бақылаушы.
- **Ритейк** (*retake*) – белгілі бір пәннен шешуші емтихан тапсырған кезде «қанағаттанарлықсыз» («F»—fail) баға алып қалған жағдайда, қайтадан оқытылатын сол пән. Қайтадан оқу тек қана ақылы түрде жүзеге асырылады.
- **Шектік бақылау** (*рубежный контроль (аттестация)*) – оқу пәнінің белгілі бір бөлімін бітіргеннен кейін студенттердің білімін тексеру шарасы. Оны сол пәннің оқытушысы оқу мерзімінің 8-ші және 15-аптасында өткізеді.
- **Жұмыстық оқу жоспары** (*ЖОЖ*) – рабочий учебный план (*РУП*) – міндетті компоненттің пәндерінің толық тізімін және қосымша компоненттің кредиттер санын, оқу пәндерінің ретін, оқыту түрлерін, сондай-ақ бақылау түрлерін көрсететін құжат.
- **Силлабус** – оқытылатын пәннің сипаттамасы, қысқаша мазмұны, сондай-ақ пәннің мақсаттары мен міндеттері көрсетілетін оқу бағдарламасы; онда студенттің алатын білімі мен дағдыларының тізімі; әр сабақтың тақырыптары мен ұзақтығы; өздік жұмысқа арналған тапсырмалар; кеңсе-сағаттың уақыты; оқытушының талаптары; білімді бағалау критерийлері; жұмыстарын өткізу кестесі және пайдаланатын әдебиеттер тізімі көрсетіледі.
- **СМО** – Студенттік медиа орталық («*UNIQUUM^{su}*» журналының редакциясы).
- **СМЖД** – Студенттік мәселелер жөніндегі департамент.
- **Транскрипт** – студенттің оқу үлгерімі жағдайын толық айқындайтын құжат. Қол қойылып, мөр басылған осындай ресми құжатты тек Тіркеуші кеңседегі (ОР) №1 және №7 терезеден алуға болады.
- **Эдвайзер** – студенттерге академиялық оқу мәселесі жөнінде кеңес беріп, білім беру бағдарламаларын дұрыс таңдауға және бүкіл оқу мерзімінде соны толық меңгеру жайлы көмек беретін оқытушы.

КАРТА



- 1 Бас оқу корпусы (ГУК)
- 2 Қабылдау комиссиясы (ҚК)
- 3 Мұнай корпусы (НК)
- 4 Тау-кен металлургия корпусы (ГМК)
- 5 Малый учебный корпус (МУК)
- 6 Өнеркәсіптік инженерия институты
- 7 Машина жасау корпусы
- 8 Тау-кен металлургия институтының оқу полигоны
- 9 Технопарк (оқу-өндірістік цех)
- 10 Жылу корпусы
- 11 Әскери корпус
- 12 Сандық техника және технологиялар институты (ИЦТТ)
- 13 Тіркеу кеңсесі (ОР)
- 14 Медициналық орталық
- 15 №1,2,3 жатақханалар
- 16 Fab-Lab
- 17 Жас ғалымдар үйі
- 18 Қ.И.Сәтбаев ескерткіші



Байтұрсынов көшесі

Сәтбаев көшесі

Байтұрсынов көшесі

Тимирязев көшесі

Сәтбаев көшесі

Сейфуллин даңғылы

ID-КАРТА



Байланыссыз пластикалық карта – студенттің жеке ID-картасы – фотосуреті бар жеке құжат. Оны студенттік билет, кітапханадан оқулық алу үшін оқырман билеті және университет территориясына кіруге рұқсат беретін бірден-бір құжат ретінде де қолдануға болады.

ID-карта студентке тегін беріледі. Егер де оны жоғалтқан жағдайда – қайтадан жасату ақылы түрде болады! Бірінші рет – 1000 теңге, кейіннен әрбір жасау үшін – 3000 теңге төленеді.

ID-картаны басқа тұлғаға беруге немесе басқа біреудің ID-картасын қолдануға және оның балама түрін жасауға қатаң тыйым салынады. Бұл ережені бұзғаны үшін студент тәртіптік жазаға тартылып, оған сөгіс жарияланады.

Карантин мерзімінде және қашықтықтан оқыту кезінде университет ғимараттарына кіру үшін ID-карта берілмейді.

Егер сізге университетке кіру қажет болса, ID-картаны Бас оқу корпусындағы 616-кабинеттен алуға болады. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы керек!

СТУДЕНТТІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Кодексте басты орын алатын қоғамның адамгершілік қағидаттары мен құндылықтарын сақтау студенттің күнделікті тыныс-тіршілігінің тиімділігін арттырады, оның кәсіби маман, әрі жан-жақты білікті де мәдениетті тұлға болып қалыптасуына, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға септігін тигізеді. Мұның бәрі тұтастай алғанда университеттің абыройын асқақатып, дәрежесін өсіреді.

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ

- ▶ жауапкершілігі мол, бастамашыл, кәсіби тұрғыда мақсатты, дербес тұлға;
- ▶ басқа студенттерге, профессорлық-оқытушылар қауымына, әкімшілікке, университеттің басқа да қызметкерлеріне сыйластықпен, құрметпен қарайды;
- ▶ университетте/қоғамда қалыптасқан этикалық нормалар мен әдептілік ережелерін сақтап, өз тәртібі мен түр-тұрпаты арқылы басқаға үлгі болады;
- ▶ қандай да болмасын жағдайда тәртіп сақтайды, дөрекі сөйлемейді;
- ▶ сабақтан қалмайды, оқуда озат, үлгілі, университеттегі қоғамдық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласады;
- ▶ туысқандық және қызметтік байланыстарын сабақ үлгеріміне қолданбайды, оқу үдерісінде жемқорлыққа жол бермейді (пара беруші мен пара алушы екеуі де заңды түрде бірдей жауапқа тартылады) – Коррупцияға қарсы қызмет орталығының тел.: 1424.
- ▶ рұқсатнамалық тәртіптің талаптарын орындайды, қауіпсіздік қызметкерлеріне ID-картаны тәртіп бойынша көрсетіп отырады, егер де біреудің қалып қойған заты немесе басқа да күдікті заттар байқалса, дереу қауіпсіздік қызметкерлеріне хабарлайды;
- ▶ университеттің заттарына мұқият болады, жан-жағында тазалық пен тәртіп сақтап, университет айналасында темекі шегуге жол бермейді;
- ▶ «Студенттердің академиялық адалдық кодексінің» ережелерін ұстанады.

«АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Университеттегі академиялық адалдық [«Студенттердің академиялық адалдық кодексінің»](#) ережелері бойынша реттеліп отырады. Осы құжатқа сәйкес тыйым салынады:

- туыскандық және қызметтік байланыстарды сабақ үлгеріміне қолдануға, оқу үдерісінде жеңілдік алу үшін жемқорлыққа жол беруге;
- коррупциялық әрекеттерге жол беруге;
- профессорлық-оқытушылар қауымын немесе курстас достарын сыйламаушылыққа жол беріп, әдепсіз қылықтар танытуға;
- бақылау жұмысын жазу кезінде басқадан көшіруге немесе басқаның көмегіне жүгінуге;
- әртүрлі оқу тапсырмаларын (*дайын реферат, курстық жұмыс немесе басқа да жұмыстарды*), сондай-ақ интернет-ресурстардан алынған жұмыстарды өз жұмысы ретінде көрсетуге, яғни плагиат жасауға;
- бақылау жұмыстарына (*әсіресе емтиханға!*) өзінің орнына бөтен адамды кіргізуге;
- университеттегі оқуға тікелей немесе жанама түрде қатысы бар құжаттардың балама түрін жасауға тыйым салынады.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Бірінші курс студенттерінің академиялық адалдық ережелерін бұзу жағдайлары, университеттің ішкі ережелерін, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерінің бұзу жағдайлары Базалық білім беру институтының деканаты мен басқа да департаменттермен бірлесе отырып қарастырылады. Тәртіп бұзғаны үшін келесі тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін:

Ескерту

сегіс

қатаң
сегіс

оқудан шартты
түрде шығару

оқудан
мүлде шығару

ОҚУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Университеттегі оқу үдерісі оқудың кредиттік технологиясы ([ОКТ](#)) негізінде жүзеге асырылады, яғни студенттің жеке таңдауы арқылы алынған оқу пәндерін өзіндік жоспар бойынша кредиттік технологияны қолдана отырып оқуға негізделеді.

Кредит (*Credit Hour*) – оқытушы мен студенттің оқу көлемін өлшейтін бірлік; 1 кредит = 1 академиялық сағат (*50 минут*); академиялық оқу мерзімі бойынша аптасына бір рет оқытушы/студент болып бетпе-бет жұмыс істеуге 1 академиялық сағат беріледі. Әрбір академиялық сағат – 2 сағаттық (*100 минут*) Студенттің өзіндік жұмысынан (*СӨЖ*) тұрады. Әрбір пән 3 кредитпен бағаланады да (*1, 2 кредитпен бағалану өте сирек кездеседі*), бір семестр бойына оқытылады.

Студент өзінің білім алу бағдарламасын жеке оқу жоспары (*ЖОЖ*) бойынша құрады, ол жоспар таңдаған мамандығының типтік оқу жоспары мен элективтік пәндер каталогі (*ЭПК*) негізінде құрылады. Мамандық бойынша толық дәрежелі білімді меңгеру үшін студент оқу жоспары бойынша тиісті кредит алып, өз жеке оқу жоспарын орындауы тиіс.

Қосымша толық ақпарат алу үшін кез келген оқытушыға, өз эдвайзеріңізге немесе ББИ деканатының қызметкерлеріне жолығуға болады.



ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу жылы академиялық мерзімдерден (семестр), қорытынды бақылаудан (емтихан сессиясы), практика мен демалыстан тұрады. Сәтбаев Университетінде бір академиялық мерзім – 15 апта, 2 апталық емтихан сессиясынан (қорытынды бақылаулары) тұрады.

ОҚУ ЖЫЛЫ – 36 АПТА




БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Келесі оқу жылының пәндеріне тіркелу 2021 жылдың 8 ақпаны мен 27 наурыз аралығында өтеді.



АҒЫМДАҒЫ ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ БАҒАСЫ



АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

2020–2021 ЖЖ.



2020–2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КҮЗГІ 1-ШІ СЕМЕСТРІ (1-курс студенттері үшін)

1-курс студенттеріне арналған диагностикалық тестілеу	2 шілде – 31 тамыз, 2020 ж.
1-курс студенттеріне арналған бейімділік аптасы	17 – 22 тамыз, 2020 ж.
1-курс студенттері үшін 2020–2021 оқу жылының күзгі семестріне арналған сабақ кестесін құрастыру	2020 ж. 22 тамызға дейін
1-курс студенттері үшін күзгі 1-ші семестр пәндері бойынша теориялық курстардың басталуы (15 апта)	24 тамыз 2020 ж. (тамыздың 4-аптасы)
Қайта тіркелу мерзімі (Add/Drop аптасы) 2-7 о.ж. арналған ЖОЖ түзету.	24 – 28 тамыз, 2020 ж.
Қазақстан Республикасы Конституциясының күні	30 тамыз, 2020 ж. Жексенбі
Пәннен тегін түрде ажырату мерзімінің аяқталуы (“W”)	2020 ж. 25 қыркүйекке дейін
1-ші Аттестациялық апта (семестрдің 8-ші аптасы)	12 – 17 қазан, 2020 ж.
1-курс студенттерін 2-ші (көктемгі) семестрге тіркеу	26 қазан – 13 қараша, 2020 ж.

2020-21 о.ж. күзгі семестр емтихандарының кестесі	2020 ж. 7 қарашаға дейін
2-ші Аттестациялық апта (семестрдің 15-ші аптасы)	30 қараша – 5 желтоқсан, 2020 ж.
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні	1 желтоқсан, 2020 ж.
2020–2021 о.ж. 2-семестрі кестесіне студенттерді тіркеу	1-19 желтоқсан, 2020 ж.
1-ші (күзгі) семестрдің емтихан сессиясы.	6 – 15 желтоқсан, 2020 ж.
Қысқы демалыстар (қайтадан орнығу немесе ауысу кезеңі)	16 желтоқсан, 2020 ж. – 24 қаңтар, 2021 ж.
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні	16–17 желтоқсан, 2020 ж. Сәрсенбі-Бейсенбі
2020–2021 о.ж. 2-ші семестрінің сабақ кестесі	31 желтоқсан, 2020 ж.
Жаңа жыл	1-2 қаңтар, 2021 ж. Жұма-Сенбі
Рождество	7 қаңтар, 2021 ж. Бейсенбі

2020–2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КӨКТЕМГІ 2-ші СЕМЕСТРІ

Көктемгі семестрдің FX және Incomplete бағаларын қайта тапсыру мерзімі	18–23 қаңтар, 2021 ж.
1-3 о.ж. студенттері үшін 2020–2021 о.ж. қысқы 2-ші семестрдің пәндері бойынша теориялық курстардың басталуы (15 апта)	25 қаңтар, 2021 ж. (қаңтардың 4-ші аптасы)
Қайта тіркелу мерзімі (Add/Drop аптасы). ЖОЖ түзету	25 – 30 қаңтар, 2021 ж.

1-3 о.ж. студенттерін 2021–2022 о.ж. бас-тапқы тіркеу	8 ақпан – 27 наурыз, 2021 ж.
1-3 о.ж. студенттерінің ЖОЖ-ына қол қою	2021 ж. 22 ақпанға дейін
Пәннен тегін түрде ажырату мерзімінің аяқталуы (“W”)	2021 ж. 22 ақпанға дейін
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз, 2021 ж. Дүйсенбі
1-ші Аттестациялық апта (семестрдің 8-ші аптасы)	15 – 20 наурыз 2021 ж.
Наурыз мейрамы	21 – 23 наурыз 2021 ж. Жексенбі-Дүйсенбі-Сейсенбі
Көктемгі демалыстар	21 – 28 наурыз, 2021 ж.
Әскери кафедрада оқу үшін 1 о.ж. студент-терінің Өтініштерін қабылдау	5-23 сәуір, 2021 ж.
Қ.И. Сәтбаев күні	12 сәуір, 2021 ж. Дүйсенбі
2020-21 о.ж. көктемгі семестр емтихандарының кестесі	2021 ж. 17 сәуірге дейін
«Бос орындар жәрмеңкесі-2021»	23 сәуір, 2021 ж.
Қазақстан халқының бірлігі күні	1 мамыр, 2021 ж. Сенбі
Отан қорғаушылар күні	7 мамыр, 2021 ж. Жұма
Жеңіс күні	9 мамыр, 2021 ж. Жексенбі
2-ші Аттестациялық апта (семестрдің 15-ші аптасы)	10 – 15 мамыр, 2021 ж.
2-ші көктемгі семестрдің емтихан сес-сиясы	16 – 23 мамыр, 2021 ж.

Жазғы семестрдің пәндеріне тіркелу (3 апта)	24 мамыр – 5 маусым, 2021 ж.
1 о.ж. студенттері үшін оқу және өндірістік практика мерзімі (1 апта)	24 мамыр – 4 маусым, 2021 ж. аралығында
Жазғы демалыстар (студенттердің қайта орнығу және ауысу мерзімі)	24 мамыр – 15 тамыз, 2021 ж.
Көктемгі семестрдің FX және Incomplete бағаларын қайтадан тапсыру мерзімі	31 мамыр – 4 маусым, 2021 ж.
Жазғы семестр: 6 кредиттен көп емес (6 апта)	21 маусым – 31 шілде, 2021 ж.
Астана күні	6 шілде, 2021 ж. Сейсенбі
2021-22 о.ж. 1-ші семестрінің сабақ кестесіне студенттерді тіркеу	19 – 31 шілде, 2021 ж.
2021-22 о.ж. 1-ші семестрінің сабақ кестесі	7 тамыз 2021 ж.



САБАҚ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ

-академиялық демалыс және үзіліс
-GRA

Сәтбаев Университетінің білім беру порталы – студенттерге, оқытушылар мен ата-аналарға, жұмыс берушілер мен университет басшылығына арналған интернеттегі жұмыс алаңы. Порталға кіру үшін авторлықты дәлелдеу керек.

Портал пәндердің электрондық оқу материалдарына, оқу жоспары мен жеке жоспарларға, сабақ кестесі мен емтихан кестелеріне, эдвайзерлер мен жұмыс берушілер жайлы ақпаратқа студенттер мен оқытушылардың қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Ата-аналар студенттердің жеткен жетістіктерімен студенттің жеке аккаунты арқылы танысуға, ал жұмыс берушілер кәсіби жас мамандарды таңдап алуға мүмкіндік алады.

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ

SATBAYEV
UNIVERSITY

Қаз Рус Eng

Учебная система

XXXXXXXXXX

.....

ВОЙТИ

Изменить пароль

Сброс пароля для студентов

Страница студента

Личные данные

Индивидуальный учебный план

Аттестация

УМКД

Журнал

Транскрипт

Мой эдвайзер

Расписание экзаменов

Статусы

Расписание

Документы

Курметті Студенттері "CMEG International Kazakhstan Inc" жоғары техникалық білім беру бағдарламасын қабылдайды 11.02.2019

Академический календарь на 2018-2019 учебный год

Читайте подробнее 08.02.2019

Курметті Студенттері

Читайте подробнее 08.02.2019

Медосмотр для 1-2 курса

Читайте подробнее 06.02.2019

Создать новый

ПӘНДЕР БОЙЫНША БАҒАЛАР

Пән бойынша қорытынды бағалау кезінде ағымдағы үлгерім бағасы есептеледі – екі аралық бақылау (midterm + end-of-term) және қорытынды емтихан.

СТАНДАРТТЫ БАҒАЛАР:

A

A-

– «ӨТЕ ЖАҚСЫ» БАҒА

B+

B

B-

C

– «ЖАҚСЫ» БАҒА

C

C-

D+

D

– «ОРТАША» БАҒА

FX

«FX» – «нашар» баға, яғни емтиханды қайтадан тапсыру керек деген сөз.

Егер де студент семестр бойы **25 балдан** кем жинаған болса (*2 аттестат үшін*) және емтиханда **20-дан** жоғары балл жинап, алайда пән бойынша шектік жиынтық **50** және одан да жоғары балл деңгейін растай алмаса, оған «FX» бағасы қойылады.

F

«F» (*fail*) бағасы – «қанағаттанарлықсыз», «нашар» баға, яғни бұл пәнді ақылы түрде қайтадан оқу керек.

Мынадай жағдайларда студентке «F» бағасы қойылады, егер де ол:
– пән сабақтарының **20%-дан** астамын жіберіп алса (*оқу кезінде барлық сабақтарға міндетті түрде қатысу керек. Сабақ жіберуге рұқсат етілген ең көп пайыз мөлшері – 20%, егер де пән 3-кредитті болса – 9, 2-кредитті болса – 6*).

- екі аттестация үшін жалпы саны **25-тен** төмен балл жинаса;
- емтихан үшін **20-дан** төмен балл жинаса;
- емтиханға себепсіз келмей қалып, өткізіп алған болса;
- емтихан кезінде тыйым салынған құралдарды (*шпаргалкалар, гаджеттер*) пайдаланса және басқа да заң бұзушылықтар жасаса;
- емтиханнан «FX» бағасын алып, оны қайтадан тапсырған кезде шектік жиынтық **50** және одан да жоғары балл деңгейін растай алмаса, оған «F» бағасы қойылады.

I

«I» (*incomplete*) бағасы – «Пән аяқталмаған» дегенді білдіреді, яғни (*толық емес*), GPA есептеген кезде ол есепке алынбайды. Студент пәннің оқу жоспарын толық аяқтап, семестр ішінде 25-тен төмен балл жинаған болып, емтиханға жіберілсе, бірақ күтпеген жағдайларға байланысты емтиханға келе алмай қалса, оған «I» бағасы қойылады, мысалы:

- медициналық көрсеткіштері бойынша жедел түрде ауруханаға түскен жағдайда;
- жақын туыстарының бірі қайтыс болған жағдайда (*ата-анасы, туыстары, аға-әпкелері және т.б.*).

P

«P» (*Pass*) - «есептелді» және «NP» (*No Pass*) – «есептелмейді». Бұл баға «Дене шынықтыру» пәні бойынша қойылады және семестрдің соңғы аптасында сабақ кезінде тапсырылады. Баға алу үшін қажетті минималды балл – **50 балл**. GPA есептеу кезінде бұл бағалар есепке алынбайды, бірақ бұл пән бойынша баға диплом алу үшін қажет.

«W» (*Withdrawal*) – «пәннен бас тарту» дегенді білдіреді. Студент оқу жылының басында, семестрдің алғашқы 4 (*төрт*) аптасында (*немесе триместрдің 2 аптасында*) (*жазғы тоқсанда – сабақ басталғаннан кейінгі алғашқы 4 күн ішінде*) пәннен бас тарту туралы шешімінің себептері көрсетілген өтінішті институт директорының атына бере алады. Сонда бұл пән үшін төлем жасалмайды. Студенттің эдвайзері мақұлдаған және институт директорының қолы қойылып, оң шешімін тапқан өтініш Тіркеуші кеңсеге жіберіледі, әрі қарай – университеттің Қаржы және есеп департаментіне қызмет құнын толықтай шегеру үшін жіберіледі. Студенттің пән емтиханы жөніндегі құжатына (*ведомость*) «W» белгісі қойылады. Егер де студент бұл пәнді қайтадан тіркеп, оны толықтай меңгерген жағдайда оқытушы бағаны қайта өзгерте алады.

Тіркелген пәннен студенттің бас тарту себептері ретінде келесі жағдайлар аталуы мүмкін:

- студент өзінің мүмкіндіктерін жеткілікті түрде бағалай алмай, ұсынылған кредиттер санынан асып кетсе;
- бұл пәнді игеру үшін студенттің базалық білім деңгейі жеткіліксіз болса;
- сол пән оқылатын тілде студенттің дайындық деңгейі жеткіліксіз болуы мүмкін.

- «AW» (*Academic Withdrawal*) бағасы – бекітілген «пәннен әкімшілік шығарып тастау» (*академиялық себептер бойынша оқудан шығару*), оқытушы немесе әкімшілік тарапынан студент пәннен шығарылған кезде осы баға қойылады.

«AW» 0 балдық сандық баламаға ие болады және GPA есептеу кезінде ескеріледі.

Пәннен әкімшілік тарапынан шығару себептері мыналар болуы мүмкін:

- сабақ үстінде студенттің тәртіп ережелерін үнемі бұзуы;
- СӨЖ-дің жеке тапсырмаларын орындамауы; жұмысты өткізу кестесінің бұзылуы және ҚазҰТЗУ-да оқу жөніндегі басқа да ережелердің бұзылуы.



«AU» (*Audit*) бағасы – яғни «пән тыңдалды» дегенді білдіреді. Бұл баға пәнді белгілі бір білімді бақылаудың белгіленген формаларын (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) сақтамай-ақ тыңдағысы келетін және қорытынды бағаны тезірек алғысы келетін студентке қойылады. Мұндай пәндерді өту ҚазҰТЗУ-де белгіленген құны бойынша төленеді. «AU» бағасы кредиттелмейді және GPA есептеулеріне қосылмайды.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЗІЛІС

Оқу кезінде денсаулыққа байланысты, соның ішінде жүктілік және бо-сану үшін қажетті уақытша үзіліс академиялық демалыс түрінде ресімделеді. Академиялық демалыс қалалық студенттік емхананың дәрігерлік кеңес комиссиясының (ВКК) шешімі негізінде 6 айдан 12 айға дейін беріледі, өте сирек ерекше жағдайда – 2 жылға дейін беріледі. Сонымен қатар академиялық демалыс студенттерге келесі негізде берілуі мүмкін:

- 1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақырылып, заңмен белгіленген жағдай бойынша әскери қызметке бару кезеңіне;
- 2) бала туылуы, ұл немесе қыз баланы асырап алуы кезінде заңмен белгіленген жағдай бойынша 3 жылдық мерзімге;
- 3) заңмен бекітілген басқа да жағдайларда.

Ақылы бөлімнің студентіне университеттегі оқуын одан әрі жалғастыру үшін қиындықтар туындаса, оның себептерін көрсеткен жағдайда академиялық үзіліс берілуі мүмкін:

- ұзаққа созылған аурумен ауырса, оның ішінде 4 аптадан астам уақыт бойы госпитальдік емдеуді қажет ететін болса;
- бала туылуына, оның күтіміне байланысты, кейбір жағдайларда отбасы мүшесін күту үшін;
- студенттің және оның отбасының қиын қаржылық жағдайында.

Қосымша ақпарат алу үшін Базалық білім беру институтының деканатына (Бас оқу ғимараты, 616-каб.) ibo@satbayev.university, сондай-ақ университеттің Медициналық орталығына (Кіші оқу корпусы, 6-каб., бас дәрігер – С.Б. Базарбекова) medicalcenter@satbayev.university жолығыңыз.

GPA – САБАҚ ҮЛГЕРІМІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ

Grade Point Average – барлық оқытылатын пәндердің орташа бағасы.

GPA бойынша жоғары балл = 4.0, ал 3.0-ден жоғарының бәрі жақсы баға болып саналады, 2.0 – «тәуекел аймағы».

GPA ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Мысалы:

Пән	Кредиттер саны	Әріптік жүйе бойынша қойылатын баға	Сандық эквивалент
Математика-1	3	A	4.00
Риторика	2	B	3.00
Физика-1	3	F	0

1. Барлық оқылған пәндердің кредиттер санын бағаның сандық эквивалентіне көбейтеміз:

Математика-1 $3 \times 4.00 = 12.00$
 Риторика $2 \times 3.00 = 6.00$
 Физика-1 $3 \times 0 = 0$

2. Алынған мәндерді қосамыз: жалпы мәні $= 12 + 6 + 0 = 18.00$

3. Кредиттердің жалпы санын есептеп шығарамыз: $3 + 2 + 3 = 8$

$$GPA = \frac{\text{Жалпы мәні}}{\text{Кредиттердің жалпы саны}} = \frac{18.00}{8} = 2.25$$

Осы формула бойынша семестрлік GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және 1 семестрдегі кредиттердің жалпы саны) және жылдық GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және бүкіл оқу жылындағы кредиттердің жалпы саны).

Келесі оқу жылына ауысу және мемлекеттік білім беру грантын сақтау үшін қажетті ең төменгі орташа балл GPA: 1-ден 2-ші оқу жылына – 1,6, кейінгі жылдарға – 1,8 құрайды.

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Сандық эквивалент	Балл саны	Сипаттама	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
Стандартты бағалар				
A	4,0	95-100	Оқытылатын курстың көлемінен асып кететін білімнің жоғары стандарттарын көрсетеді	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	Білімнің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді	
B+	3,33	85-89	Өте жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді	«Жақсы»
B	3,0	80-84	Жақсы және білімнің жоғары стандарттарының көпшілігіне сәйкес келеді	
B-	2,67	75-79	Жоғары стандарттарға жуықтау келетін толық жеткілікті білім	
C+	2,33	70-74	Жалпы стандарттарға сәйкес келетін жеткілікті білім	
C	2,0	65-69	Қанағаттандырады және жалпы білім стандарттарының көпшілігіне сәйкес келеді	«Қанағаттанарлық»
C-	1,67	60-64	Қанағаттандырады, бірақ кейбір білімдері бойынша стандарттарға сәйкес келмейді	
D+	1,33	55-59	Аздап қанағаттандырады, бірақ көпшілік білімдері бойынша стандарттарға сәйкес келмейді	
D-	1,0	50-54	Аздап қанағаттандыратын шектік баллдың стандарттарға сәйкестігі күмәнді	
FX	0	25-49	Қанағаттандырмайтын төменгі көрсеткіштер, емтиханды қайта тапсыру керек	«Қанағаттандырмайды»
F	0	-	Пәнді игеруге тырыспады. Студент алдау арқылы емтихан бағасын алуға тырысқаны үшін де қойылады	

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Сандық эквивалент	Балл саны	Сипаттама	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
Көмекші бағалар				
P (Pass)	-	50-100	GPA санаған кезде есепке алынбайды	«Есептелді»
I (Incomplete)	0	кем дегенде 25	GPA санаған кезде есепке алынбайды. Курстың көп бөлігін ойдағыдай аяқтап, алайда дәлелді жағдайларға байланысты қорытынды бақылау жұмыстарын аяқтамаған студенттің бағасын кафедра меңгерушісінің келісімімен оқытушы қояды	«Пән аяқталған жоқ»
NP (No Pass)	-	0-49	GPA санаған кезде есепке алынбайды, бірақ қорытынды аттестацияға жіберілгенде ескеріледі	«Есептелген жоқ» – «F» сияқты баға
W (Withdrawal)	-	-	GPA санаған кезде есепке алынбайды. Студент пәннен өз еркімен бас тартып, оны игере алмады. Оқу демалысын алған немесе жүйелі түрде сабаққа қатыспаған студентке бұл баға автоматты түрде қойылады	«Пәннен бас тарту»
AW (Academic Withdrawal)	0	0	GPA санаған кезде «F» болып есептеледі. Студенттің академиялық тәртіп пен ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін оқытушы оны пәннен шығарғанын осы баға көрсетеді	Академиялық көрсеткіш бойынша пәннен әкімшілік шығару» – «F» сияқты баға
AU (Audit)	-	-	GPA санаған кезде есепке алынбайды. Студентке де, ерікті тыңдаушыға да бағасыз қойыла береді	«Пән тыңдалды»
IP (In Progress)	-	кем дегенде 25	GPA санаған кезде есепке алынбайды. 2 академиялық кезеңге созылатын пәндер үшін. Егер студент материалдың көп бөлігін сәтті меңгерген болса, бірінші академиялық кезеңнің соңында қойылады. Толық курсты аяқтағаннан кейін стандартты бағаға ауыстырылады	Жоспар бойынша «меңгеру»

ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕЛУ

- Add/drop апталығы
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құру
- Оқу пәндеріне тіркелу



► **Add/Drop** – оқудың алғашқы аптасында студент бір пәннен кетіп және/немесе басқа бір пәнге өз еркімен жазыла алатын кезең. Академиялық кезеңнің бірінші аптасында (Add/Drop) студент пәндерді, сабақ кестесін өзгерте алады, сондай-ақ оқытушы тандап ала алады.


Сабақ кестесіне өзгерістерді тек **Тіркеу кеңсесі** арқылы енгізуге болады. Студент пәнді немесе сабақтың уақытын өзгерту туралы өтініш толтырып (*өтініш үлгісі интернетте орналастырылған*), оны **Тіркеу кеңсесіне** өткізуі тиіс. Өтініш қаралады, содан кейін қолданыстағы кестеге сәйкес келіп, кедергі болмайтын жағдайда және топтардағы бос орындар саны жеткілікті болса, студенттің оқу кестесіне тиісті өзгерістер енгізіледі. Сөйтсе де, қолданыстағы кестеге сәйкес ол сабаққа міндетті түрде қатысуы тиіс. Өтініштер тек «**Add/Drop**» апталығындағы қайта тіркеу кезеңінде ғана қаралады.

► **ЖОЖ құру**

Әр студент өзінің оқу траекториясын жеке оқу жоспары (**ЖОЖ**) түрінде құрастырады, ал ол жоспар білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогі (**ЭПК**) шеңберінде құрылады. Студент өзінің оқу жоспарын тиісті білім деңгейіне сәйкес етіп құрап, оқу жоспары бойынша талап етілетін кредиттер санын жинауға міндетті.

Студент **ЖОЖ** дайындауға және білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсын толық меңгеруіне жауап береді.

ЖОЖ студенттің әр академиялық кезеңіне эдвайзердің және қажет болған жағдайда кафедра меңгерушісінің қолдауымен жасалады.



Өзінің ЖОЖ құрау кезінде студент:

- оқу процесін кредиттік технология бойынша ұйымдастырудың ережелерімен танысуы тиіс;
- порталдағы білім беру бағдарламалары (**ББ**) бойынша өзінің жұмыстық оқу жоспарымен (**ЖОЖ**) танысуы тиіс;
- оқу пәндеріне тіркелудің белгіленген мерзімдерін сақтауы тиіс.

Студенттің **ЖОЖ** құрамына кіретін кредиттер саны студенттің академиялық оқу кезеңіндегі білім беру бағдарламаларының жұмыстық оқу жоспары бойынша белгіленген кредиттер санына сәйкес ұсынылады. Қажет болған жағдайда студент қосымша пәндерге жазыла алады, оның ішінде ақылы бөлімге де, бірақ бір семестрде **42 кредиттен** көп емес (*21 аудиториялық байланыс*), бір триместрге **30** (*15 аудиториялық байланыс*) кредит, бір тоқсанға **18** (*9 аудиториялық байланыс*) кредит. Деңгейі **3.5** және одан да жоғары жинақталған **GPA** бар студенттерге белгіленген шектеуден тыс тағы бір пән алуға болады. Студент **Add/Drop** кезеңінде жылдық тіркелуді ертерек жасаған кезде білім беру бағдарламасының жұмыстық оқу жоспары шеңберінде пәндер құрамын өзгерту арқылы **ЖОЖ**-ны да өзгертуге құқылы.

Оқуға қайтадан қабылданған немесе басқа оқу орындарынан ауысып келген студенттерге **Add/Drop** кезеңінде **ЖОЖ**-ды түзеп, реттеп алу ұсынылады. Сондай-ақ алдыңғы академиялық кезеңдерде пререквизитті пәндерді (*мысалы, математика 1*) игермеген студенттер оқу жоспарына сәйкес пост-реквизиттен кейінгі пәндерге қатысты (*мысалы, математика 2*) өзгертулер енгізуі керек. **Add/Drop** кезеңінің басталуына дейін кейбір студенттерде сабақ кестесінің құрылып қойғанына байланысты **ЖОЖ**-ға өзгерістер енгізу мүмкін емес, өйткені ол осы сабақ кестесіне кедергі келтіреді.

► Оқу пәндеріне тіркелу

Студенттерді семестрдің пәні бойынша тіркеуді (**Entrollment**) эдвайзерлердің, институттар мен кафедралардың әдістемелік және консультативтік көмегі арқылы **Тіркеу кеңсесі** ұйымдастырады. Тіркелу мерзімі **Академиялық күнтізбеде** көрсетілген.

– Студенттер Академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімге сәйкес Сәтбаев Университетінің оқу порталында онлайн режімінде міндетті пәндерге тіркелулері тиіс.

– Университет порталында тіркелу үшін студенттер Сәтбаев Университетінің порталында берілген нұсқаулықтармен танысуы керек.

– Тіркелгенге дейін студент өз жеке траекториясын құру үшін эдвайзермен байланысуы керек. Эдвайзер білім беру бағдарламасының оқу жоспары мен қосымша пәндер каталогі аясында пәндерді таңдауға кеңес береді және түсіндіреді.

Тіркелу екі кезеңнен тұрады:

– **1-кезең. Студенттің жеке өзіндік оқу жоспарын қалыптастыруы:** пәндерге тіркелу, мұнда студентте оқу тілі мен пәндерді таңдауға мүмкіндік болады;

– **2-кезең. Жеке сабақ кестесін қалыптастыру:** студенттер өздерінің сабақ кестелерін құра алады, мұнда олар оқытушыны, **ЖОЖ** пәндері ішінен өздеріне ыңғайлы пәндер мен оның уақытын тандап алады.

01

Регистрация на дисциплины

Семестр

Весна 2018-19

Количество кредитов				
Цикл	Минимально Обяз.	Макс. Обяз.	Вы набрали Обяз.	Экзит
Весна 2018-2019				
Базовый (Б)	3	0	3	0
Профильный (П)	17	0	17	0
Дополнительные в...	2	0	2	0
Всего	22	0	22	0

ЖОЖ

Выбранные дисциплины

Код	Наименование дисциплины	Кафедра	Компетен- т	Цикл	Кредиты	Лс/Лаб/Пр	Преференции	Удали- ть
Весна 2018-2019								
MON722	Технологические процессы машиностроительного производства	Кафедра "Строительство, материаловедение и технологии машиностроительного производства"	ОБ	Профильный	3	2/1/0		
GEN1562	Компьютерное проектирование в инженерии (САЕ)	Кафедра "Прикладная механика и инженерная графика"	ОБ	Профильный	3	1/1/1		
GEN1202	Теория и проектирование механизмов и машин	Кафедра "Прикладная механика и инженерная графика"	ОБ	Профильный	3	1/1/1		
GEN1702	Механика твердого тела	Кафедра "Прикладная механика и инженерная графика"	ОБ	Профильный	3	1/1/1		
GEN1072	Машиная графика	Кафедра "Прикладная механика и инженерная графика"	ОБ	Профильный	2	0/2/0		
ROB1902	Вибрация механических систем	Кафедра "Робототехника и технические средства автоматизации"	ОБ	Профильный	3	2/0/1		
AAP103	Производственная практика II	Кафедра "Инженерная физика"	ОБ	Дополнительные виды обучения	2	0/0/2		
ISO1632	Механические характеристики инженерных материалов	Кафедра "Стандартизация, сертификация и технология машиностроения"	ОБ	Базовый	3	1/1/1		

Астана, 2019 г. 18.05.2019

02

Страница студента > Индивидуальный учебный план

Кал
Рис
Пл

Регистрация на дисциплины

Сапаев Әділ Болатұлы (Русский язык)

Пәнді тандаймыз

Выбрать дисциплины +

① Причина отклонения >

Количество кредитов				
Цикл	Минимально Обяз.	Макс. Обяз.	Вы набрали Обяз.	Экзит
Осень 2019-2020				
Общеразвивающ...	3	0	0	0
Профильный (П)	6	9	0	0
Всего	9	9	0	0
Весна 2019-2020				
Дополнительные ...	2	0	0	0
Итоговая аттестат...	3	0	0	0
Всего	5	0	0	0

Выбранные дисциплины

Код	Наименование дисциплины	Кафедра	Компетен- т	Цикл	Кредиты	Лс/Лаб/Пр	Преференции	Удали- ть
Осень 2019-2020								
Весна 2019-2020								

Отложенные обязательные дисциплины и академическая задолженность


Код	Наименование дисциплины	Кафедра	Компетен- т	Цикл	Кредиты	Лс/Лаб/Пр	Преференции	Добав- ить
Отлож.	MON137 Материаловедение и конструкционные материалы	Кафедра "Строительство, материаловедение и технологии машиностроительного производства"	ОБ	Базовый	3	2/1/0		+
Отлож.	ISO104 Основы взаимозаменяемости	Кафедра "Стандартизация, сертификация и технология машиностроения"	ОБ	Базовый	3	1/1/1		+
Отлож.	PHW111 Физика I	Кафедра "Физические науки"	ОБ	Базовый	3	1/1/1		+
Отлож.	MNG102 Финансовый анализ и оценка проектов	Кафедра "Бизнес и менеджмент"	ОБ	Общеразвивающий	3	2/0/1		+
Отлож.	AAP117 Учебная практика	Кафедра "Информационные технологии, обработка и хранение информации"	ОБ	Дополнительные виды обучения	1	0/0/1		+
Отлож.	MAT105 Дифференциальное уравнения. MathLab	Кафедра "Математика"	ОБ	Базовый	3	1/0/2		+
Отлож.	GEN101 Инженерная и компьютерная графика	Кафедра "Прикладная механика и инженерная графика"	ОБ	Базовый	3	1/0/2		+
Отлож.	CHE192 Общая химия	Кафедра "Химическая технология неорганических веществ"	ОБ	Базовый	3	2/1/0		+
Отлож.	MAT101 Математика I	Кафедра "Математика"	ОБ	Базовый	3	1/0/2		+
Отлож.	MAT102 Математика II	Кафедра "Математика"	ОБ	Базовый	3	1/0/2	MAT101	+
Отлож.	MAT103 Математика III	Кафедра "Математика"	ОБ	Базовый	3	1/0/2	MAT101	+

Тіркөуді барлығы тіркеліп біткен соң аяқтаймыз.

ЗАВЕРШИТЬ РЕГИСТРАЦИЮ ✓

БАСҚА УНИВЕРСИТЕТКЕ АУЫСУ, ҚАЙТА ОРНЫҒУ НЕМЕСЕ ОҚУДАН ШЫҒУ

- Ауысу және қайта орнығу
- Мемлекеттік шәкіртақы
- Студентті мемлекеттік білім беру грантынан айыру
- Студенттің шартты академиялық мәртебесі
- Сәтбаев Университетінен шығару



АУЫСУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ОРНЫҒУ

- Студенттерді ауыстыру жағдайлары әртүрлі болып келеді: бір білім беру ұйымынан екіншісіне; оқудың бір түрінен екіншісіне; бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне; ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысу және керісінше, шартты дәрежеде оқу және одан да шығу.
- Жоғары оқу орындарының студенттері егер оқу бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін аяқтаған болса, бір оқудан шығарылғаннан кейін басқаға ауыса алады немесе сол оқуына қайтадан орныға алады.
- Студент оқу жоспары пәндеріндегі айырмашылықты ескере отырып, кез келген білім беру бағдарламасына қайта түсе алады.
- Студентті бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру, оқудың бір түрінен екінші формасына өту тек ақылы негізде оқу үшін ғана жүзеге асырылады.

– Білім беру гранты бойынша оқитын студент өз грантын сақтай отырып, басқа **ЖОО**-ға ауыса алады.

– Ауыстыру немесе қайтадан орнығу тек демалыс кезінде ғана жүзеге асырылады.

Басқа **ЖОО**-ға ауысқысы келетін студент **ауысу** туралы өтінішті Сәтбаев Университетінің басшылығына (*ГУК, 616-каб.*) береді. Аудармаға оқу ісі жөніндегі проректор мен Тіркеу кеңсесінің қолы қойылған транскриптің көшірмесімен және мемлекеттік грант иегерінің мөрімен куәландырылған (*егер де грант бар болса*) жазбаша келісім алғаннан кейін, мемлекеттік грант бойынша оқығысы келетін **ЖОО**-ның басшысына жүгінеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ШӘКІРТАҚЫ

Мемлекеттік білім гранты негізінде бірінші курста оқитын барлық студенттерге бірінші академиялық кезеңде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.

– кейінгі оқу семестрінде студент емтихан сессиясының қорытындысы бойынша (*білімді бақылаудың барлық түрлерін қоса алғанда*) тек **«жақсы»** деген (**«B+(85-89)»**, **«B(80-84)»**, **«B-(75-79)»** немесе **«C+(70-74)»**) немесе **«өте жақсы»** (**«A(95-100)»**, **«A-(90-94)»**) деген баға алса ғана мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу жұмыстары жүзеге асырылады.

Көру және есту қабілеті нашар мүгедек студенттер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз, басқаның қамқорлығында қалып, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын балаларға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша **академиялық қарыздары** болмаған кезде ғана төленеді.

– Мемлекеттік шәкіртақы тағайындау кезінде **GPA** емес, студенттің тек бағалары ғана ескеріледі.

СТУДЕНТТІ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНАН АЙЫРУ

Мемлекеттік білім гранты бір жылға беріледі. Студент мемлекеттік білім грантынан мынадай жағдайда айырылып қалуы мүмкін:

– егер де ол белгіленген **GPA (1.6)** балл мөлшерін жинай алмай, шартты оқу мәртебесіне ауыстырылған болса. Бұл жағдайда студент оқуын ақылы негізде жалғастыра алады да, оның **ЖОЖ**-ына бір семестрге **15 кредит**, бір триместрге **9 кредит** және бір тоқсанға **6 кредит** көлемінен аспайтын мөлшерде пәндер енгізіледі;

- оқудан өз еркімен шыққысы келсе;
- білім беру бағдарламаларының бір тобынан екінші тобына ауысу кезінде;
- егер де студент Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық шәкіртақысының иегері болса (*бұл жағдайда студент дереу институт директорына хабарлап, тиісті өтініш жазуға міндетті*);
- Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде және уәкілетті органдардың шешімдері бойынша белгіленген басқа жағдайларда. Мемлекеттік білім грантынан айырылған студенттерге ақылы негізде оқу құқығы беріледі.

Ақылы оқу бөлімінде оқитын студенттің оқу үлгерімі жоғары, GPA көрсеткіші жақсы болса және университетте бос гранттар бар болса, онда ол студент конкурстық негізде мемлекеттік білім грантына ие болуға өтініш бере алады.

СТУДЕНТТІҢ ШАРТТЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- Шартты мәртебе – бұл студент ауысатын мәртебе. Егер оқу жылының соңында студенттің GPA көрсеткіші (жазғы тоқсанды қосқанда) Сәтбаев Университетінде белгіленген ауысу баллынан төмен болса: бірінші жылы – 1,6 және кейінгі жылдары – 1,8, онда ол студент осы мәртебеге ауыстырылады.
- Төлем кредит бойынша, яғни бір кредитке белгіленген құн негізінде жасалады.
 - Егер кез келген академиялық кезеңнің соңында шартты мәртебе жағдайындағы студенттің GPA көрсеткіші ауысу бағасынан жоғары болса, ол қалыпты академиялық мәртебе жағдайына ауыстырылады.
 - Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша шартты мәртебеге өткен студенттер мемлекеттік білім беру грантынан айырылады да, шартты академиялық мәртебе жағдайында ақылы негізде оқиды.

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕН ШЫҒАРУ

Студент Сәтбаев Университетіндегі оқуынан мынадай жағдайда шығарылуы мүмкін:

- 1) өз өтініші бойынша (соның ішінде басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты, медициналық және отбасылық себептерге байланысты, т.б.);
- 2) академиялық үлгерімі нашар болғаны үшін, мысалы:
 - академиялық кезеңнің пәндеріне тіркелмеген жағдайда;
 - академиялық кезеңнің барлық пәндері бойынша аттестация мен қорытынды бақылауды өткізіп алған жағдайда;

– бір міндетті пәнді төрт рет қайта-қайта оқып (*оның ішінде 3 рет – Retake*), әрбір ретте де нашар баға алатын болса;

3) академиялық тәртіпті жүйелі немесе өрескел бұзғаны үшін, оның ішінде – белгісіз себептермен сабаққа бес аптадан артық уақыт қатыспағаны үшін; оқу ақысын уақытында төлемегені үшін; Жарғының, осы Ереженің, Ішкі ережелердің, университеттің Академиялық адалдық кодексінің немесе басқа да [нормативтік құжаттардың ережелерін](#) бұзғаны үшін; Қазақстан Республикасы заңдылықтарының ережелерін, университетпен келісіліп жасалған оқу шартының талаптарын бұзғаны үшін;

4) егер студент Сәтбаев Университетінде оқу туралы келісім жасамаса;

5) егер студенттің оқу мерзімі Қазақстан Республикасының заңдылықтарында белгіленген ең жоғары мерзімнен асып кетсе (*7 жыл*);

6) осы Ережеде, университеттің басқа ішкі құжаттарында және/немесе Қазақстан Республикасы заңдылықтарында көзделген басқа да жағдайлар негізінде.

Университеттен кеткісі келетін студент Базалық білім беру институты дирекциясында (*ГУК, 616-каб.*) Сәтбаев Университеті Ректорының атына өзін оқудан шығару жөнінде өтініш жазуы керек.

*Студент Сәтбаев Университетінен шығу туралы шешім қабылдағаннан кейін бірден оқудан шығару жөнінде өтініш беруі керек. Егер де студент оқудан өз еркімен шығу туралы өтінішті кешіктіріп, Сәтбаев Университетіндегі сабаққа қатысуды тоқтататын болса, ол емтихан сессиясының қорытындысы бойынша (*оқу жылындағы*) академиялық үлгерімі төмен болғаны үшін және/немесе оқу тәртібін бұзғаны себепті оқудан шығарылады. Мұндай жағдайда оқу ақысы оқудан шығарылған күнге дейін төленеді.

*Қашықтықтан оқыту мерзімінде барлық өтініштер ibo@satbayev.university мекенжайында қабылданады.

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Сіз Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенті атандыңыз және Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Ғылыми кітапханасының қоры мен ақпараттық ресурстарын пайдалану құқығына ие болдыңыз.

Университеттегі оқу сәтті болу үшін, сізге ғылыми ақпараттардың үлкен ағымында жүруді, оны өз бетінше іздеуді және оқу әдебиеттерімен жұмыс істеуді үйрену керек.

Сәтбаев Университетінің Ғылыми кітапханасы 1934 жылы құрылған.

Ғылыми кітапхана қорында 1,5 млн-нан астам кітап бар.

Кітапханада оқу, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми және көркем әдебиеттермен қатар университеттің білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерінің, бейінділігі туралы әдебиеттер кеңінен ұсынылған.

Қашықтықтан оқыту жағдайында сіз университет [сайтында](#) көрсетілген электронды каталогті, мәліметтер базасын, электрондық кітапхана жүйелерін қолдана аласыз. Кітапхананың электрондық каталогі мен жазылу дерекқорында авторизация жасау арқылы қажетті құжаттарға қол жеткізе аласыз.

Егер сізде ақпарат іздеу, мәліметтер қорымен жұмыс істеу туралы сұрақтар туындаса, кітапхана қызметкерлеріне library@satbayev.university мекенжай бойынша хабарласа аласыз.

Кітапхана университеттің Тау-кен металлургия ғимаратында (ГМК) орналасқан: Сәтбаев көшесі, 22а (Масанчи көшесінің қиылысы).



ӘСКЕРИ ТІРКЕЛУ

Оқу жылының басында бірінші курстың барлық ер азаматтары әскери есепке тіркелуі керек, ол үшін Бас оқу корпусының 341-кабинетіне бару керек. Алматы қаласы мен Алматы облысында тұратын студенттер өзімен бірге жеке куәліктің көшірмесін, тіркелу куәлігін (*түпнұсқа, көшірме*), мекенжай туралы анықтамасын алып келу қажет (*Алматы қаласында уақытша немесе тұрақты тіркеумен*). Бұл оқу мерзімінде әскер қатарына шақырылмас үшін қажет, өйткені Қазақстан Республикасының барлық ер азаматтары 18 жастан бастап әскер қатарына шақырылады.

Есіңізде болсын! Егер сіз әскери есепке уақтылы тіркелмесеңіз, сіз ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 647-бабы «Азаматтардың әскери міндеттерін орындамау» бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартыласыз және сол үшін сізге 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

Қашықтықтан оқыту кезінде барлық адамдарға өз қалаларында болуға және әзірге әскери есептен алынбау туралы кеңес беріледі. Барлық сұрақтар бойынша military@satbayev.university поштасына жазыңыз.

Басқа қалада тұратын студенттер мына телефон арқылы хабарласыңыздар 8 (727) 292-77-97

ӘСКЕРИ ІС ИНСТИТУТЫ

Әскери іс институтында (*әскери кафедра*) запастағы офицерлерді даярлау бағдарламалары бойынша студенттерді әскери дайындықтан өткізеді. Студенттер негізгі мамандықпен қатар екінші (*әскери*) мамандық алып шығады да, Сәтбаев Университетін бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының күштік құрылымдарында қызметке орналаса алады.

Әскери кафедраға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Медициналық тексеруден басқа студенттер кәсіби-психологиялық іріктеуден өтіп, дене шынықтыру нормативтерін тапсырады. Сәтбаев Университетінде өткен оқу кезеңіндегі үлгерімнің GPA орташа баллы негізінде конкурстық комиссия қорытынды шешім қабылдайды.

Әскери кафедраға құжат қабылдау туралы ақпаратты қазіргі кездегі жағдайға байланысты Сәтбаев Университетінің әлеуметтік желілерінен ғана білуге болады.

Мекенжайы:
Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 140 (Әскери корпус).

СТУДЕНТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ

Студенттік ортамен өзара тиімді қарым-қатынас жасау үшін **Студенттік мәселелер жөніндегі департамент (ДСВ)** студенттердің бойындағы көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, сөйтіп олардың университетте және одан тыс жерлерде де қоғамның белсенді мүшелері болуына жағдай жасайды, студенттерге кампуста бейімделуге көмектеседі және студенттік өмірдің әртүрлі мәселелерін шешуде қолдау көрсетеді: медициналық, әлеуметтік және психологиялық қызметтер, жатақханаға орналасу, шығармашылық тұрғыда даму. Осы сұрақтар бойынша studentaffairs@satbayev.university электрондық поштасына жазыңыз. **«ВКонтакте»** студенттік әлеуметтік желісінде **«Department-Of Student-Affairs»** (*«Студенттік мәселелер жөніндегі бөлім»*) парақшасы бар.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Қашықтықтан оқыту кезінде флюорография студенттер үшін бір жылға жарамды. Осы уақыт өткеннен кейін жергілікті жердегі емханада флюорографиядан өтіп, оның көшірмесін Медициналық орталыққа medicalcenter@satbayev.university электрондық поштасы арқылы жіберу керек.

Ал жатақханаға орналасу үшін студенттер Медициналық орталықта медициналық тексеруден өтулері керек. Медициналық орталық Кіші оқу ғимаратында (МУК) мына мекенжай бойынша орналасқан: Сәтбаев к-сі, 22а.

Өзімен бірге болуы керек:

- медициналық көмек пен міндетті медициналық сақтандырудың кепілдендірілген көлемі аясында медициналық көмек алу үшін, ЭЦҚ (*электрондық цифрлық қолтаңба*) болуы керек. ЭЦҚ-ны жақын орналасқан ХҚКО-да (*Халыққа қызмет көрсету орталығы*) немесе қашықтан egov.kz веб-сайтында алуға болады. Жасы 18-ге толмаған студенттер үшін ата-аналарының бірінің ЭЦҚ қажет;
- №086 нысандағы медициналық анықтама флюорографиямен бірге (*соңғы 6 айдан аспауы керек*);

Медициналық орталықтан медициналық көмек алу үшін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға – **«Медикер» ЖШС**-не тіркелуіңіз керек.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА ТІРКЕЛУ МЫСАЛЫ:

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

- e Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТКЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ

- e Қызмет алу
(18-ге толғандар – өзі үшін, 18-ге толмағандар – бала үшін)
- e Өңір ► Алматы қ. ► Бостандық ауданы
- e Медициналық ұйым – «Медикер» ЖШС филиалы
- e Тіркелу себебі ► Басқа жаққа көшу
- e Медициналық қызметкерлер ► Мұстафаева Диана Маратовна

ТАПСЫРЫСТЫ ЖІБЕРУ



СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНАЛАР БАСҚАРМАСЫ

Қашықтықтан оқыту режіміне байланысты жатақхана орындары шектеулі түрде тек жетімдерге, оралмандарға және интернетке қосылмаған ауылдық аудандарда тұратын әлеуметтік осал отбасындағы студенттерге беріледі. Өтініштер онлайн режімінде осы [сілтемені](#) басу арқылы қабылданады.

Жатақханаға орналасу үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Жеке куәлік көшірмесі (2 дана);
2. Жатақхана 2021 жылдың 15 маусымына дейін тұру үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-на төленген төлем түбіртегінің көшірмесі;
3. Рұқсатнама құжаты үшін төленген төлем түбіртегінің көшірмесі (300 тг.);
4. Университеттің медициналық орталығынан алынған медициналық;
5. 3x4 көлемдегі фотосурет (4 дана);
6. Файл (2 дана);
7. 2020–2021 жылдарға арналған ЭЦҚ кілті mGov мобильді үкіметіне тіркелген болуы керек.

Студенттерге университет жатақханаларынан орын бөлу жөніндегі комиссияның тізімі бекітілгеннен кейін жатақханаға тіркелу үшін құжаттар Студенттік мәселелер жөніндегі департаменттің Студенттік жатақханалар басқармасына мына мекенжай бойынша қабылданады: Сәтбаев к-сі, 22в, №1 жатақхананың кіреберісі. Жұмыс уақыты: 10.00-16.00.

СТУДЕНТТЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС СЕКТОРЫ

Студенттерге барынша материалдық және моральдік қолдау көрсету мақсатында Студенттік мәселелер жөніндегі департаменттің Студенттермен әлеуметтік жүргізу секторы келесі қызметтерді ұсынады:

1. Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен келісімшарт негізінде оқитын жетім балаларға оқу ақысына 100% мөлшерінде жеңілдіктер беріледі (*GPA 2,5-тен кем болмауы керек*), сондай-ақ 1 оқу жылы ішінде қайталап оқу үшін берілген пәндерден 6 кредитті ақысыз өтеуге де рұқсат етіледі (*6-дан аспауы керек*) және шәкіртақыға қосымша 30% мөлшерінде үстемақы белгіленген.

2. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мемлекет қолдауында болған студенттер жұмысқа жіберілген кезде оларға 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы жәрдемақы және киім, аяқ киім, басқа да қажетті заттар сатып алу үшін өтемақы төленеді.

3. Есту және көру қабілеті төмен мүгедек студенттердің шәкіртақысына қосымша 75% мөлшерінде үстемақы төленеді, ал ақылы бөлімде оқитын мүгедектігі бар студенттерге оқу ақысына 30–50% көлемінде жеңілдіктер қарастырылған.

4. Әлеуметтік қолдаудың маңызды түрлерінің бірі – осы топтағы барлық студенттерге жатақханадан орын беру және жатақханада тұруға жеңілдіктер жасау – жетімдер тобындағы студенттер жатақханаларда ақысыз, тегін тұрады. Әлеуметтік қолдауға қатысты барлық сұрақтарыңызды электрондық поштаға жаза аласыз: studentaffairs@satbayev.university.

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету мақсатында Студенттік мәселелер жөніндегі департамент келесі бағыттар бойынша психолог қызметін ұсынады:

- психодиагностика;
- психологиялық түзету және дамыту;
- психологиялық кеңес беру;
- профилактикалық және тәрбие жұмыстары;
- психологиялық білімді арттыру.

studentaffairs@satbayev.university

«ОҢАЙ» СТУДЕНТТІК КӨЛІК КАРТАСЫ

Алматы қаласында қоғамдық көлікте жүру және жол жүру ақысын төлеу үшін «ОҢАЙ» картасы қолданылады. «ОҢАЙ» көлік картасын алу үшін дайын үлгіні толтырып, барлық жолдардағы мәліметтердің дұрыстығын тексеріп шығу керек (үлгі университеттің ресми сайтына немесе [@satbayev_university](#) және [@satbayev_studlife](#) әлеуметтік желілеріне 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап орналастырылады).

Орналасырылған үлгідегі бос жолдарды толтыру керек, сондай-ақ оған жүктеу керек:

- фотосурет (3x4);
- жеке куәліктің алдыңғы және артқы жағынан түсірілген фотосуреті.

Аса маңызды!!! Ұсынылған барлық құжаттар дұрыс оқылатын болуы керек. Үлгіге деректерді толтырғаннан кейін сіз өтінішіңіздің орындалу күйін бақылай аласыз және тек осыдан кейін ғана картаны шығарғаны үшін Qiwi терминалдары немесе басқа да қосымшалардың көмегі арқылы 500 теңге төлеу керек. Картаны күту уақыты 15–20 жұмыс күні.

Дайын «ОҢАЙ» карталарын алу орны: Студенттік мәселелер жөніндегі департамент. Бас оқу корпусы (ГУК), 402-каб.

«ОҢАЙ» көлік картасы бойынша барлық сұрақтарыңызды мына поштаға жолдай аласыз:

СТУДЕНТТІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Студенттік шығармашылық орталығы (СШО) университетішілік көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысын үйлестіреді және университет пен одан тыс жерлерде өткізілетін барлық мәдени іс-шараларға музыкалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Орталықтағы төрт көркемөнер үйірмесі студенттермен шығармашылық жұмыс жасайды. Атап айтқанда, бұл – халық аспаптар оркестрі, хор және вокалды үйірме, би үйірмесі және вокалдық-аспаптық ансамбль (бэнд). Қашықтықтан оқыту режиміне байланысты үйірмелер Microsoft Teams платформасы арқылы сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі.

Студенттік шығармашылық орталығының жұмысы туралы толық ақпаратты орталықтың инстаграм парақшасынан [@scc-su](#) алуға болады немесе осы орталықтың маманы **Жамбыл Гиниятұлы Кулесовпен** +77025956923 телефоны арқылы хабарласуға болады.

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАРЫ



Жастар ісі жөніндегі комитет – мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласы бойынша университеттегі студенттер мен жастардың өзін-өзі басқару жөніндегі ең жоғары органы. Комитеттің негізгі мақсаты – студенттердің құқығын қорғау, жастардың рухани, мәдени, білім алу және физикалық дамуы үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу, жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсетіп, іске асыру, сонымен қатар университетте студенттер мен жастар арасында өзін-өзі басқаруды дамыту.



Сәтбаев Университетіндегі «Жас Отан» жастар қанаты – еліміз жастарының қоғамдық бірлестігі түрінде құрылған «Нұр Отан» партиясының жастар қанаты. Ұйымның мақсаты – жастарды басқаруға қабілетті мықты және беделді саяси жастар ұйымын құру. Сәтбаев Университеті жанындағы «Жас Отан» ЖҚ университетте 8 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. «Жас Отан» белсенділерінің тобы университетте оқу үлгерімі төмен студенттерге көмек көрсету қызметін ұйымдастырады, студенттік өмірдің қызықты да пайдалы өтуі үшін чемпионаттар, сайыстар ұйымдастырады, депутаттармен және бизнес өкілдерімен кездесулер өткізеді.



ENACTUS Satbayev University

Бизнесті әлеуметтік мәселелерді шешудің тәсілі ретінде қарастыратын кәсіпкерлік көшбасшылардың қауымдастығы. Enactus студенттері халықтың өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-экономикалық жобаларды жүзеге асырады. Enactus оқытушылары мен бизнес-серіктестері студенттер командасына жетекшілік етіп, команданың тәлімгері болады. Жыл сайын өтетін жарыстарда студенттер өз жобаларын ұсынып, көпшілікке таныстырады, ал бизнес-көшбасшылар оларға баға береді.



Satbayev University жанындағы ЕРІКТІЛЕР ЛИГАСЫ

«Волонтерлар лигасы» қоғамдық қорының бөлімшесі – жағдайлары төмен, кіріптар жандарға көмек қолын созуға дайын, мүдделері мен ниеттері сәйкес келетін адамдарды біріктіретін қоғамдық қор. Сәтбаев университетінің аталмыш қоры әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға жиі қатысады: олар қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы ақпараттар таратады, қоғамдық акциялар өткізеді, семинарлар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастырады, сондай-ақ волонтерлар қозғалысын дамытуға арналған жастар жобалары мен мәдени іс-шараларды дәріптейді.

КВН (орыс лигасы) және ЖАЙДАРМАН (қазақ лигасы)

Қойылған сұрақтарға әзіл-оспақпен жауап беретін, жарысатын тақырыптар бойынша импровизация, алдын ала дайындалған көріністерді сахналау және т.б. бойынша сайысқа түсетін әзіл-сықақ командалары. 2012 жылдан бастап Сәтбаев университетінің институттары арасында жыл сайынғы Чемпиондар кубогына арналған жарыс өтеді. Бұл жарыстың жеңімпаздары республикалық және халықаралық лигаларға университет атынан қатысады, мысалы, «BAS LIGA», «Жайдарман», КВН жоғары лигасы және т.б.



Satbayev Time – бұл студенттерге студенттік өмір туралы ақпарат беретін, университетте және одан тыс жерлерде өтетін әртүрлі іс-шаралар туралы маңызды хабарлар тарататын, әлеуметтік желілерде талапкерлер мен түлектердің одан әрі өзара байланыс жасауы үшін студенттердің үлкен аудиториясын жинаумен айналысатын студенттік жоба.



SKIF студенттік ұйымы студенттердің жалпы интеллектуалдық және физикалық дамуын, өзін-өзі тануын және Сәтбаев университетінде бос уақытты сапалы да тиімді пайдалануды насихаттайтын оқу және спорттық іс-шараларды өткізеді. Ұйым түрлі

спорттық және ойын-сауық шараларын, сонымен қатар киберспорт чемпионаттарын (CS:GO, DOTA 2 және т.б.) ұйымдастырады.



«Техносила» интеллектуалды клубы 2009 жылы құрылған, ол Сәтбаев университетінің студенттері бос уақытында зияткерлікпен айналысуын насихаттайды және студенттер арасында ішкі, қалалық және республикалық деңгейде интеллектуалды турнирлер ұйымдастырады, мысалы: «Брейн-ринг», «Хамса» және т.б.



«4ARTer» студенттік шығармашылық ұйым

Суретші кәсібі – бұл ғажайып қиялды, таусылмас шабыт пен сурет салу техникасын меңгеруді қажет ететін шығармашылық еңбек. Бүгінде Сәтбаев университетінде шығармашылық дағдыларды дамытумен айналысатын студенттердің шығармашылық бірлестігі жұмыс істейді, оның мақсаты – шығармашылық кеңістікті қамтамасыз ету және шығармашылық саласындағы бірлескен жобаларды дамытудың бірыңғай жүйесін құру болып табылады.



«Satbayev Hunters»

Ұйымның негізгі міндеті – талапкерлер арасында үгіт-насихат жүргізу, оларды Сәтбаев университетіне тарту, болашақ талапкерлер мен бірінші курс студенттеріне арнап экскурсиялар мен әртүрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастыру. Бұл Сәтбаев университетінің бет-бейнесі деп айтуға болады.



«Бәйшешек» әдеби бірлестігі

Студенттердің шығармашылық бірлестігі (поэзия, қойылымдар және т.б. шығармашылық туындылар), бұл ұйымға қатысатын студенттердің шығармалары әртүрлі журналдар мен газеттерде жарық көреді.



ПІКІРСАЙЫС КЛУБТАРЫ (Дебатные клубы).

Пікірсайыс – бұл белгілі бір ережелерге сәйкес өткізілетін арнайы пікірталас алаңы, интеллектуалдық ойын. Пікірсайыстар логикалық және сыни ойды дамытады, қарым-қатынас мәдениеті мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастырады, өз бетімен шешім қабылдауға дайындап, қоғамның болашақ көшбасшысы ретінде жеке тұлға болып қалыптасуға ықпал етеді.

Қазіргі таңда Сәтбаев университетінде екі пікірсайыс клубы жұмыс істейді: [«Technokrat»](#) интеллектуалды пікірсайыс клубы (қазақ лигасы) және [Intellectual Debate Club «Satbayev»](#) (орыс лигасы). Біздің студенттер жыл сайын Сәтбаев университетінің Ректоры кубогына арналған республикалық пікірсайыс өткізеді, сондай-ақ әртүрлі қалалық және республикалық деңгейдегі сайыстарға қатысады, салтымыз бойынша жеңімпаздар атанып, университет намысын қорғап шығады.



[SPE \(Society of Petroleum Engineers\)](#) –мұнай өнеркәсібіне қарасты кәсіби техникалық мамандарды біріктіретін халықаралық коммерциялық емес ұйым. Ол әлемнің 143 елінен 158 мыңнан астам мүшелерді біріктіреді, өз кезегінде олар 200 кәсіби және 379 студенттік бөлімнің мүшелері болып табылады. Сәтбаев университетіндегі SPE – Қазақстандағы ең ірі филиал және Ресей мен Каспий өңіріндегі жетекші қауымдастық саналады. Оның құрамында 1000-нан астам студент бар. Қауымдастық студенттердің мұнай-газ саласындағы білімін жетілдіруге және көзқарастарын кеңейтуге арналған арнайы іс-шаралар өткізеді, студенттерге арнап ағылшын тілі және шешендік өнер клубын, дебаттар, «мұнай» ойындарын, зияткерлік жарыстар және т.б. бағытталған арнайы шаралар ұйымдастырады. Жыл сайын қауымдастық Сәтбаев университеті базасында мұнай-газ саласындағы жетекші мамандар мен болашағы зор студенттерді біріктіретін «Каспий ПетроКонгрессін» өткізеді.

Kazakhstan youth magazine

UNIQUM^{SU}



СТУДЕНТТІК ЖУРНАЛ

Kazakhstan youth magazine

UNIQUUM^{SU}

– бұл білім беру, әлеуметтік, инновациялық дамудың өзекті мәселелері талқыланатын динамикалық алаң. «[UNIQUUM^{SU}](#)» журналында Сәтбаев Университетінің студенттік өмірін жан-жақты толық қамтитын маңызды ақпараттар, университетте, қаламызда, тіпті тұтастай елімізде өтетін қызықты іс-шаралар туралы хабарламалар беріледі. «UNIQUUMSU» журналының басты назарында – белсенді және ойлаушы жастарды өзіне тарта алатын: жаңа білім/лайфхак, яғни өмірге деген құштарлық, қала мен елдің университеттеріндегі әртүрлі іс-шаралар; адамдардың тағдыры; ғылым, мәдениет, бизнес пен шығармашылық; ойын-сауық. Мұның бәрі студенттік ортада өте қызықты талқыланып, қолдау табады.

Журнал білім беру саласы мен әлеуметтік инновациялық дамудың өзекті мәселелерін көтереді, жастар үшін маңызды және пайдалы ақпараттарды жариялайды. Басылым қайырымдылықты насихаттауға, студенттердің өмірге деген көзқарасын кеңейтуге бағытталған, сонымен қатар студенттерге автор немесе кейіпкер ретінде журнал беттерінен көрінуге мүмкіндік береді. Сіз де журналдың мұқабасынан табыла аласыз!

Басылым тілі: қазақ, орыс, ағылшын



@uniquumsu

Бөлімше	Бөлімшенің міндеті	Байланыс үшін e-mail
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор, НК, 407	Студенттер академиялық қолдау және эдвайзинг, академиялық комплаинг	provost@satbayev.university
Базалық білім беру институты, ГУК, 616, 615	1-курс студенттерін қолдау мәселелері	ibo@satbayev.university
Қоғамдық пәндер кафедрасы, ГУК, 812, 814	Студенттерді гуманитарлық пәндер бойынша қолдау мәселелері	socialstud.dep@satbayev.university
Ағылшын тілі кафедрасы, ГУК, 823, 825	Студенттерді ағылшын тілі пәні бойынша қолдау мәселелері	eld@satbayev.university
Қазақ және орыс тілдері кафедрасы, ГУК, 521, 610	Қазақ және орыс тілі пәндері бойынша студенттерді академиялық қолдау мәселелері	qazruslang@satbayev.university
Дене шынықтыру кафедрасы, ГМК, 102	Дене шынықтыру пәні бойынша студенттерді академиялық қолдау және спорттық бос уақыт мәселелері	sport@satbayev.university
Студенттік медиа орталық (СМЦ) ГУК 616	«UNIQUIM ^{su} » журналының редакциясы	uniquimsu@satbayev.university
Ғылыми кітапхана, ГМК	Студенттерге арналған кітап, библиографиялық және электрондық ресурстар	library@satbayev.university
Халықаралық қатынастар бөлімі НК 903	Шетелде оқу және білім алмасу бағдарламалары	international_office@satbayev.university
Студенттік мәселелер жөніндегі департамент, НК, 408	Студенттерді әлеуметтік және академиялық емес қолдау, жатақхана мәселелері	studentaffairs@satbayev.university
Медицина орталығы, МУК	Медициналық көмек	medicalcenter@satbayev.university
Тіркеуші кеңсесі	Студенттерге академиялық қызмет көрсету	or-help@satbayev.university
Қашықтықтан білім беру институты	Polytechonline.kz платформасында техникалық көмек көрсету	Ido-help@satbayev.university
Ақпараттық жүйелер бөлімі	Техникалық көмек Microsoft Office 365	dis-help@satbayev.university
Қаржы және бухгалтер есеп департаменті, НК, 217	Студенттерге шәкіртақы алуға арналған 20 сандық карточкалық шотын беру	oro-schet@satbayev.university
Әскери есепке тұру секторы, ГУК, 341	Әскери есепке тұру мәселелері	military@satbayev.university

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты ГУК 513	Институт студенттерін академиялық емес қолдау мәселелері	itech@satbayev.university
Бағдарламалық инженерия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	isoft@satbayev.university
Киберқауіпсіздік, ақпаратты өңдеу және сақтау кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	cybers@satbayev.university
Қолданбалы механика және инженерлік графика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	mechanics@satbayev.university
Математика және кибернетика ғылыми-білім беру орталығы ГУК 810	Кафедра студенттері мен Математика пәнін оқитын студенттерді академиялық қолдау мәселелері	math@satbayev.university
Геология, мұнай және тау-кен институты ГУК 325	Институт студенттерін академиялық емес қолдау мәселелері	lgngd@satbayev.university
Геологиялық барлау, пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу және барлау кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	geology@satbayev.university
Мұнай инженериясы кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	petroleum@satbayev.university
Геофизика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	geophysics@satbayev.university
Мұнай және газ геологиясы кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	geo.oilgashydro@satbayev.university
Тау-кен ісі кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	mining@satbayev.university
Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	msgeodesy@satbayev.university

Институт металлургии и промышленной инженерии ГМК 232	Студенттерге академиялық емес қолдау көрсету	imipi@satbayev.university
Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	metallurgyminprocess@satbayev.university
Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар технологиясы кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	m.metallurgy@satbayev.university
Технологиялық машиналар, көлік және логистика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	techmash@satbayev.university
Инженерлік физика кафедрасы, ГУК, 1035	Кафедра студенттерін және Физика пәнін оқитын студентерді академиялық қолдау мәселелері	physics@satbayev.university
Индустриялық автоматика және цифрландыру институты МСК 26	Студенттерге академиялық емес қолдау көрсету	iiad@satbayev.university
Робототехника және автоматтандырудың техникалық құралдары кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	robotics@satbayev.university
Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	industry@satbayev.university
Электроника, телекоммуникация және космостық технологиялар кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	eet_department@satbayev.university
Автоматтандыру және басқару кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	automation@satbayev.university
Энергетика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	energy@satbayev.university
Химиялық және биологиялық технологиялар институты ГМК 219	Институт студенттеріне академиялық емес қолдау көрсету	biochem@satbayev.university
Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	depchembio@satbayev.university
Химиялық процестер және өндірістік экология кафедрасы	Кафедра студенттеріне және Химия пәні бойынша оқитын студенттерге академиялық қолдау көрсету мәселелері	chemeco@satbayev.university

Сәулет және құрылыс институты МУК 202	Институт студенттеріне академиялық емес қолдау көрсету	ias@satbayev.university
КҚұрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	sismkaf@satbayev.university
Инженерлік жүйелер мен желілер кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	isiskaf@satbayev.university
Сәулет кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	archkaf@satbayev.university
Жобаларды басқару институты ГУК 415	Институт студенттеріне академиялық емес қолдау көрсету	management@satbayev.university
Математикалық экономика ғылыми-білім беру орталығы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	mathecon@satbayev.university

